

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Экономикалық даму жөніндегі Қазақстан-Американ бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 қазандағы N 960 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі және Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Экономикалық даму жөніндегі Қазақстан - Американ бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі экономикалық даму жөніндегі Қазақстан - Американ бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлеу мен орындауды қадағалау, тиімділік индикаторларын және күтілетін нәтижелерін әзірлеу және кезеңдік шолу процестеріне басшылық жасау, жыл сайынғы Іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - Бағдарламаны орындау жөніндегі жоспар) дайындау, сондай-ақ Бағдарламаны орындау жөніндегі есепті дайындауды бақылауды қамтамасыз ету үшін Бағдарламаның үйлестірушісі болып тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.08.31 № 851 Қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі Марат Әпсеметұлы Құсайыновқа Бағдарламаны орындау жөніндегі жоспарды келісуге өкілеттік берілсін .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.13. N 1516 Қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі